

**Мектеп оқушыларының бір мезгіл ыстық тамақтандыру жұмысына  
Қамқоршылық кеңесіне ақпарат**

**Құрметті Қамқоршылық кеңесі мүшелері!**

Мектептерде оқушылардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету және олардың денсаулығын сақтау мақсатында бір мезгіл тегін ыстық тамақтандыру жұмыстарына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Мониторингтің негізгі міндеті –тамақ сапасын бақылау, оқушылардың толық бір мезгіл тегін тамақтануын қамтамасыз ету, сондай-ақ асхананың санитарлық талаптарға сәйкестігін қадағалау.

**Мониторинг барысында қаралатын аспектілер:**

1. Ас мәзірінің оқушылардың жас ерекшелігіне және тамақтануына сәйкестігі.
2. Тамақ сапасы мен тағамның қауіпсіздігі, өнімдердің сақталу жағдайлары.
3. Тамақтану процесінің ұйымдастырылуы: ас беру кестесі, тамақтың мөлшері, оқушылардың ыстық тамаққа қол жеткізілуі.
4. Гигиеналық және санитарлық талаптардың сақталуы.

**Мониторингтің нәтижелері:**

- Тамақ сапасын жақсарту және асхананы дамыту бойынша ұсыныстар дайындалады.
- Ата-аналар мен мектеп әкімшілігі арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.
- Балалардың денсаулығы мен оқу процесінің сапасын арттыруға бағытталған шаралар жүзеге асырылады.

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну мемлекеттік қызметті көрсету бойынша Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімі «Күйкен жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі 2025-2026 оқу жылындағы ыстық тамақ ішетін 1-4 сынып оқитын білім алушы саны 623, ал әлеуметтік көмекті қажет ететін аз қамтылған отбасынан шыққан білім алушылар 483 оқушы бекітілген кесте бойынша әр қоңырау сайын бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр.

Оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуы, уақытылы баруы қадағаланады. Айына бір рет бракераж комиссия мүшелері болып тексеру жүргізіледі. Күнделікті тамақтың сапасының уақытында мектеп медбикесі мен бракераж комиссия мүшелері қол қойып, қарап тексеріп отырады.

**Орындаған әлеуметтік педагог: О.Сарыева, Г.Исатаева**



